



Қазақстан Республикасы, 010000,  
Астана қаласы, Есіл ауданы,  
Сығанақ 54а, «А» бизнес орталығы  
[www.biork.kz](http://www.biork.kz), [ruhany.jangiru.17@bk.ru](mailto:ruhany.jangiru.17@bk.ru)  
тел. 8-747-628-80-54, 8-702-986-64-05

Республика Казахстан, 010000,  
г. Астана, район Есильский,  
Сыганак 54а, Бизнес центр «А»  
[www.biork.kz](http://www.biork.kz), [ruhany.jangiru.17@bk.ru](mailto:ruhany.jangiru.17@bk.ru)  
тел.: 8-747-628-80-54, 8-702-986-64-05

23.08.2024. №009

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызы мырзаға

**Құрметті Ақмарал Шәріпбайқызы!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақалада: «Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, халқыңа қызмет ету. Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Егемендігіміздің ұштағаны – қасиетті жеріміз, ана тіліміз бен қастерлі бірлігіміз» делінген ұлттық идеялар мен ұлттық құндылықтарды іс-жүзіне асыру, қоғам игілігіне жұмсау арқылы Тәуелсіздігіміздің тұғырлы, Елдігіміздің еңселі, бірлігіміздің бекем болуына атсалысу.

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлтқа қызмет ету ол - құмырсқаның илеуіндей жұмыс. Құмырсқа илеуінде қалай жабыла қызмет етсе, ұлт жұмысы, жұрт жұмысы да сондай бірлікпен бітетін жұмыс» деген қағидасын, Тәуелсіздікке қызмет ету жолындағы бірліктің маңызын жастарға үлгі ету болып табылады.

Осы ретте, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамаларын қолдау және жолдаудағы Тәуелсіздік идеяларын жүзеге асыру мақсатында «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығы «**ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ**» атты патриоттық байқауын өткізуді жоспарлауда.

**Құрметті Ақмарал Шәріпбайқызы!** Аталған байқауды қолдап, сізге қарасты басқармаларды байқау ережесімен ақпараттандыруды және елімізге үлгілі болып жүрген отбасыларды қатысуға ықпал етуіңізді сұраймыз.

Президентіміздің Қазақстан халқына жолдауында айтылған идеяларын жүзеге асыру мақсатындағы жобаларымызды қолдайды деп сенеміз. Күшіміз бірлікте. Біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлын қолдаймыз және біргеміз!

*Қосымша: 2 парақта*

Құрметпен,  
"Жаңа Қазақстан" Республикалық  
инновациялық орталығының директоры



Сәлімгерей Б.Н.

Орындаған: С.Набиев +7 747 628 8054



## «ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ»

### АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

«Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен өтетін «**ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ**» атты республикалық патриоттық байқауына үлгілі отбасы өкілдерін қатысуға шақырамыз!  
*Байқауға отбасылар өзін-өзі ұсыну жолымен қатыса алады.*

#### Іс-шараның мақсаты:

- Қоғамдағы үлгілі отбасы институтының жаңа имиджін насихаттау;
- Дәстүрлі отбасы құндылықтарының өнегелі үлгісін дәріптеу;
- Жаңа Қазақстандық отбасы мәртебесін арттыру.

#### Байқаудың шарттары:

- Байқау екі кезеңнен тұрады.
- Бірінші кезең бойынша отбасы жайлы жазылған 1,5 беттен артық емес мәлімет (егер бар болса отбасы мүшесінің еңбектегі, спорттық, шығармашылық жетістіктерін растайтын құжат көшірмелерін) жіберуі керек.
- Отбасылық фотосуреттер (электрондық нұсқасымен 6 данадан аспауы керек)
- Отбасы туралы бейнеролик (ұзақтығы 2 немесе 3 минут таныстыру).

Құжаттар [ruhany.jangiru.17@bk.ru](mailto:ruhany.jangiru.17@bk.ru) электронды почтасына **2024 жылдың қазан айының 31-не дейін** қабылданады.

#### Байқаудың жүлде қоры:

Бас жүлде 1 млн теңге

1 орын - 700 (жеті жүз) мың теңге

2 орын - 500 (бес жүз) мың теңге

3 орын - 300 (үш жүз) мың теңге

#### Байқау қатысушылары иеленеді:

- Арнайы тағайындалған «**ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ**» төсбелгісі
- Төсбелгіні куәлендіретін **КУӘЛІК**
- «**ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ**» статуеткасы
- *Дәрежелі диплом* беріледі.



**Байқаудың марапаттау рәсімі** Астана қаласында конференция түрінде өтеді. Қорытынды конференция бағдарламасы іріктеліп алынған қатысушыларға, байқау жеңімпаздарына жіберіледі. Қорытынды конференцияда байқау жеңімпаздарын елімізге еңбегі сіңген тұлғалар "Өнегелі отбасы" төсбелгісімен, дипломдармен, қаржылай және бағалы сыйлықтармен марапаттайды.

Ұйымдастыру алқасының сайты: <https://bilim-ork.kz/>

Электронды почта: [ruhany.jangiru.17@bk.ru](mailto:ruhany.jangiru.17@bk.ru)

Инстаграм паракшасы: [@bilim\\_orkenieti\\_](https://www.instagram.com/bilim_orkenieti_)

Ұйымдастыру алқасы: +7 747 628 8054, +7 702 986 6405

### ӨТІНІШ КЕСТЕСІ ЖҰМЫСПЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУІ ҚАЖЕТ

Қатысушылардың тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Қызмет орны атауы, лауазымы	
Байқау атауы	<b>«ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ»</b>
Телефон, ұялы, e-mail.ru	
Сапалы түрлі-түсті ¼ фотолары	

